

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы
Білім бөлімінің №11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
камкоршылық кеңесі отырысының №1
ХАТТАМАСЫ**

Откізілген күні: 18.09.2020ж

Откізілген орны: №11 «Таңшолпан» бөбекжай - бақшасы

Қатысқандар:

1. Бөбекжай – бақша директоры: Жанекешова С.Ж
2. Қамкоршылық кеңесінің мүшелері: Кубаев Ш.У, Жахиев А.С, Ақтаева Қ.Т, Биялиева Б.Б, Қарабалиева Ж.А, Нугманов М.А, Айдарұлы И.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру.
2. Қамкоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру.
3. Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу.

Жүргүзу барысы:

**1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша, №11 «Таңшолпан»
бөбекжай – бақша директоры С.Ж.Жанекешова сөз алып,**
«Білім беру үйімдарында қамкоршылық кеңестің жұмысын үйімдастыру және
оны сайлау тәртібінің үлгілік қагидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355
бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29
тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып, таныстырып өтті. Қамкоршылық
кеңесінің иұсқауымен және кейбір тарауларымен таныстырыды.

Қамкоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік
органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан
Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және
фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру үйімдарына,
сондай – ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік комерциялық
емес білім беру үйімдарын қоспағанда білім беру үйімдарында
құрылатындығын және қамкоршылық кеңес білім беру үйімінің әкімшілігімен,
ата – аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мұдделі мемлекеттік
органдармен және өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара әрекет
жасайтындығы туралы айтып өтті.

Қамкоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге
асырылады. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті
атқарушы органы өзінің интернет қорында және әкімшілік – аумақтық бірліктің
аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамкоршылық кеңестің

құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырылып, ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатындығын, сондай – ақ, Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылатынын және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін З жұмыс күні ішінде бекітілетіндігін айтты.

Қамқоршылық кеңестің құрамына кімдер кіретіндігін төмендегі тізімдер бойынша хабарлады:

- Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптерлердің өкілдері;
- Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- Ата – аналар комитеті ұсынған параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушының бір ата – анасы немесе занды өкілі;
- Қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны так, бір – бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жок кемінде тоғыз адамнан құрылатындығын, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі З жылды құрайтынын, Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейтінін, төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылатынын, мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайлана алмайтындығын, оның міндеттерін жүзеге асырмайтындығын айтты. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасынан тағайындалатындығын, бірақ хатшы Қамқоршылық кеңестің мүшесі болмайтындығын, хатшы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз ететіндігін айтты.

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі – білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыратынын айтты.

Білім беру ұйымының қайырымдылық көмектен аударылатын кез – келген түсімдері:

- мемлекеттік мекеме ұйымдық – құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін – Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшеде ашылған қайырымдылық көмектің қолма – қол ақшасын бақылау шотына;
- басқа ұйымдық – құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін – екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылатындығын айтты.

Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің жұмсау бағытын төмендегі тізім бойынша баяндағы:

- білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- білім беру ұйымының материалдық – техникалық базасын жетілдіруге;

- спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, №11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақша директоры С.Ж.Жанекешова сөз алып, Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстырыды.

Қамқоршылық кеңес қоғаммен бөбекжай – бақша арасындағы өзара қарым – қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай – бақша арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қарқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Негізгі мақсаты бөбекжай – бақшаның мақсат – міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай – ак, бөбекжай – бақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүліктік ресурстарды тарту болып табылатындығын айта келіп, Қамқоршылық кеңес туралы ережеге тоқталып, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібі, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің іс қағаздары, Қамқоршылық кеңесінің қағидалары, Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату сынды 8 бөліміне жеке – жеке тоқталып, баяндады.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша, №11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақша директоры С.Ж.Жанекешова сөз алып, Қамқоршылық кеңес тәрағасы, мүшелері, хатшы сайлану керек екендігі туралы айтты. Кеңес тәрағасына, орынбасарына, мүшелігіне, хатшысына бірауыздан төмендегіше сайланды:

Кубаев Ш.У – жеке кәсіпкер – кеңес тәрағасы

Жахиев А.С – Жұмыскер мәдениет үйі менгерушісі – кеңес орынбасары

Ақтаева Қ.Т – И.Тайманов атындағы орта мектебінің мұғалімі – кеңес мүшесі

Биялиева Б.Б - №4 қалалық емхана, Жұмыскер дәрігерлік амбулаториясының аға медбикесі – кеңес мүшесі

Қарабалиева Ж.А – қалалық білім бөлімінін маманы – кеңес мүшесі

Нұғманов М.А – жергілікті полиция қызметкери – кеңес мүшесі

И.Айдарұлы – ата – аналар комитеті – кеңес мүшесі

Әбділдиева А.Б - №11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақшасының іс - жүргізуісі, кеңес хатшысы.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып, жұмыс жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Қамқоршылық кеңесі сайланған жаңа құрамымен өз жұмыстарын алға қойып, қамқоршылық жұмыстарының жандануына ат салыссын.

Кеңес тәрағасы:

Кеңес хатшысы:

Кубаев Ш.У

Әбділдиева А.Б